

І ТУЫ

ОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

май Жума

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жолдастар, егіншілер мен механизаторлар!

Егіннен мол өнім алу жөніндегі күресті мейлінше күшейтіп, егіс жоспарының барлық дақылдар бойынша таяудағы екі-үш күн ішінде толық орындалуын қамтамасыз ететін болайық!

екі-үш бойынша болсын

ызы орасан зор жұмысты орындауға қабілетсіз болды. Егіншілер арасында көктемгі егіс жұмыстарының қарқындылығын арттыруға қабілетсіз болды. Егіншілер арасында көктемгі егіс жұмыстарының қарқындылығын арттыруға қабілетсіз болды. Егіншілер арасында көктемгі егіс жұмыстарының қарқындылығын арттыруға қабілетсіз болды.

Егіс жоспарын тез орындау — шұғыл міндет

ОБЛЫС КОЛХОЗДАРЫНДА КӨКТЕМГІ
ЕГІС ЖОСПАРЫНЫҢ ОСЫ ЖЫЛҒЫ
20 МАЙҒА ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ

МӘЛІМЕТ

(процент есебімен)

Аудандар	Жоспардың орындалуы (%)
Совет	79,6
Приешім	78,9
Соколов	75
Бұлаев	74
Петропавл	73,1
Ленин	71,2
Конюхов	70,1
Преснов	69,6
Мамлют	68,9
Полудень	65,7
Октябрь	56,3
Облыс бойынша	69,7

Дәнді дақылдар мерзімінде себілді

Приешім ауданындағы «Борьба» колхозы егіс жоспарын ауданда бірінші болып орындап шықты. Бұл колхоздың егіс даласында жұмыс істеген Тимирязев

МТС олқылықта отыр

Қай шаруашылықта болсын егіс жұмыстарының ойдағыдай аяқталуы, ең алдымен, трактор мен тіркеу саймандарының өнімді жұмыс істеуіне байланысты. Демек, егісті қысқа мерзімде, агротехникалық жоғары дәрежеде аяқтау ісінде МТС-тер зор роль атқарады.

Алайда, бұл күндері Чистян МТС-і (директоры Белоус жолдас) осы міндет дәрежесінде бола алмай отыр. Бұл МТС өзінің материалдық-техникалық базасы жөнінен аудандағы ірі МТС-тердің бірі. Осыған сәйкес, оның қамтуында бірнеше колхоздар бар. Ал, осындай МТС-те егіс жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр? Енді осыған тоқталайық.

Егісті қысқа мерзімде аяқтаудың шарты оған күні бұрын тыңғылықты әзірлік жүргізуде екендігі мәлім. Осыған қарамастан, аталған МТС көктемгі егіске әзірліксіз кірісті. Сондықтан да бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда егіс жұмыстарының қарқыны баяу, сапасы нашар болып отыр. Егіс басталғаннан бері мұнда күндік, бескүндік жұмыс графигі ұдайы орындалмай келеді.

Мысалы соңғы бір-екі бескүндікті аламық. МТС-те соңғы бескүндіктегі график 44 процент қана орындалды. Өйт-

кенбік тәртібінің нашарлауына, жұмыстың сапасы мен қарқынының тиісті дәрежеде болмауына әкеліп соғып отыр.

Осымен қатар, МТС жұмыс үстінде сынған тракторды қолма-қол жөндеп, іске қосу жөнінде де трактор бригадаларына жеткіліксіз көмек жасап келеді. Тракторлардың сынған бөлшектері тездікпен жөнделмейді, немесе олар сапасыз жөндеумен салады. Осы себеппен де көп тракторлар жұмысқа қосылмай жүр.

МТС басшылары озат тракторшылардың іс тәжірибесін көптің игілігіне айналдыруды да ұйымдастыра алмай отыр. Бұл МТС-тің алдыңғы қатарлы трактор бригадалары мен тракторшылары жоқ емес, сөз жоқ, бар.

Мәселен, осы МТС-тің қамтуындағы Куйбышев атындағы колхозда үш трактор бригадасы болса, олардың әрқайсысы жұмысты түрліше істейді. Аталған колхоздағы Стаценко жолдас басқарған трактор бригадасы жұмысты әрі тез, әрі сапалы атқарып, күнделікті тапсырманы ойдағыдай орындап жүр. Бұл бригаданың тракторшылары күн сайын 48 гектар жер жырттып, 318 гектар егістік алаңға тұқым себеді. Осымен қабат, бригаданың әрбір тракторшысы сменалық тапсырма-

Облыс мектептерінде

Балалар қуанышы

Александра Петровна Горинова жолдас меңгеруші болып істейтін № 4 бастауыш мектеп үлкен мерекедегідей безендірілген. Кластардың іші ағартылған, жуылған, парталар тазартылған. Столдар мен терезелердің алдына гүлдер қойылған. Кластың іші ойнектерден түскен күннің сәулесімен жарқырап тұр.

Қоңырау. Беттері алмадай қызарған қуанышты балалар кластарға бөлініп кіре бастады. Бұл мектепте төртінші кластың оқушылары бірінші күні орыс тілінен жазбаға емтихан тапсырды. Мұғалима Сухачева жолдас сабақ беретін 4 «а» класының оқушылары жатқа жазуда өте жақсы нәтижелерге ие болды. Емтиханға жіберілген 36 оқушыдан 15 оқушы «5» ке, 16 оқушы «4» ке, 5 оқушы «3» ке жазды. Балалар өздерінің қатесіз, ұқыпты жазатындықтарын көрсетті. Сол сияқты, Кокарева жолдас мұғалима болып істейтін 4-кластың оқушылары да жақсы жазды. Жазба жұмысында 10 оқушы «5», 23 оқушы «4», 2 оқушы «3» деген баға алды.

Өте жақсы жазған оқушылардың ішінде Уварова, Старикова, Кузнецова, Ниязбекова, Бектасова, Панова, Наумова, Хлюстов, Хренов және көптеген басқа оқушылар бар. Емтиханда «2» деген баға алған

митеті мен Совет аткомі, әсресе, аудандық партия комитетінің секретары Камалетденов жолдас көктемгі егіс жұмыстарын қызу қарқынмен ұйымдастыру ісінде дәрменсіздік көрсетіп отыр. Сонымен бірге, аудан басшыларында жайбақаттылық та жоқ емес. Тіпті олар ауданның егіс жөніндегі быйылғы жағдайы бұдан екі жыл бұрынғысынан әлде қайда төзерлік деуге де тартынбайтын көрінеді. Егісті ұзаққа созу хауіп туып отырған Октябрь ауданының басшылары, атап айтқанда, аудандық партия комитетінің секретары Сухов және аудандық Совет аткомінің председателі Мусин жолдастар быйылғы жылы көктемнің жылдағыдан кеш түскен жылы саяси-

Облыстың біребіыра колхоздарында үстіміздегі жылдың егісіне әзірлеген пармен зябье тұқым себіліп бітті. Енді бірталай егісті көктемде жаңадан жырытылған жерлерге егуге тура келеді. Осыған байланысты жер жыртуға қосылған тракторлардың қуатын барынша сарқалыдану керек. Жер жыртуға қолдануға бар барлық көлік плугтерін қосу—колхоз басшыларының ең шұғыл міндеті.

Жолдастар, егіншілер мен механизаторлар! Егіннен мол өнім алу жөніндегі күресті мейлінше күшейтіп, егіс жоспарының барлық дақылдар бойынша таяудағы екі-үш күн ішінде толық орындауын қамтамасыз ететін болайық!

—00—

МАҚТА ТАЗАЛАУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛМИ -ТЕХНИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Мұнда мақта шаруашылығының орталық ғылыми-зерттеу институты мен Қазақстанның мақта тазалау өнеркәсібі қызметкерлерінің ғылыми техникалық конференциясы болды.

Сталиндік сыйлықтың лауреаты техникалық ғылымның кандидаты Булидов институт жасап шығарған мақтаның торқасын айыратын жаңа конструкция туралы баяндама жасады. Осындай мақтаның жұмыс өнімділігі 60 процент артты. Конференцияда түбіт айыратын машина-

ны қайта жасау туралы Сталиндік сыйлықтың лауреаты Хохловтың баяндамасын жыйналғандар зор ынта қойып тыңдады. Бұл шараны қолдану механизмнің жұмыс өнімділігін біржарым есе арттырады.

Конференцияға қатысушылар ғалымдар мен Қазақстанның мақта тазалау өнеркәсібінің өндірісшілері арасында творчестволық ынтымақты нығайту жөнінде шара-лар белгіледі.

АВТОМОБИЛЬ ТРАНСПОРТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕҢЕСІ

ТАЛДЫҚОРҒАН. (ҚазТАГ). Кеше автомобиль транспорты қызметкерлерінің облыстық кеңесі аяқталды. Кеңеске қатысушылар автомобиль транспортының техникалық жағдайын және оны пайдалануды жақсарту туралы облыстық автомобиль басқармасының бастығы Смекалин жолдастың баяндамасын талқылады.

Соғыстан кейінгі жылдарда облыстық автомобиль паркі 3 еседен аса артты. Транспортшылар озат техниканы меңгеріп, өндірістік мамандығын арттыруда.

Кеңеске қатысушылар автомобиль транспортының жұмысын жақсартудың жаңа мүмкіндіктерін ашып берді.

ЖАҢА КІРПІШ ЗАВОДЫ

ҚОСТАНАЙ, (ҚазТАГ). Қалада механикаландырылған жаңа кірпіш заводы іске қосылды. Кәсіпорнның қуаты жы-

лына 12 миллион кірпіш шығарады. Өндірісте еңбекті көп тілейтін жұмыстарының бәрі механикаландырылған.

100 гектар жерге тұқым сеуіп, күндіз норманы үнемі артығымен орындап отырды. Кәзір бригада пар жыртуға кірісті.

Ж. СҮЛЕЙМЕНОВ.

қарған отряды.

Бұл отрядтың механизаторлары бүкіл көктем егісі бойына өз тракторларын жоспары техникалық күтімде ұстау нәтиже-

жоспары

ша сапа

жоспары


ТУҒАН ЕЛІМІЗ

Новгород көркеюде

НОВГОРОД, 20 май. (СОТА). Орыстың ежелгі қаласында жана салынып жатқан құрылыстар күннен-күнге көбеюде. Қала сыртындағы жуырда ғана бос тұрған алаңда кәзіргі уақытта кірпіш және черепица заводтары трубаларынан түгін будактауда. Мұнда үй жиһаздарының фабрикалары, құрылыс заводы, жөндеу механика мастерскойлары және басқа кәсіпорындары құрылыстары аяқталып келеді. Осылардың қатарында көптеген тұрғын үйлердің поселкелері салынды. Қаланы көркейту мен күрделі құрылыс жұмысына 60 миллион қаражат шығарылып отыр. Бұл өткен жылдағыдан біржарым есе артық. Бұл новгородтықтарға бірнеше кәсіпорындарының құрылысын аяқтап, 12 мың шаршы метрден артық тұрғын үйлерді быйыл пайдалануға беруге мүмкіншілік береді.

Егін орағы

ТЕРМЕЗ, 20 май. (СОТА). Ширабад ауданының Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары Сухан-Дарья облысында арпа орағына бірінші болып кірісті. Егін орағы жүріп жатқан барлық колхоздарда дәнді егіннің шығымдылығының жақсы екендігін көрсетеді. Сол сыяқты, Тәжік ССР-нің Вахш және Қафирниган алқаптарындағы колхоздар өткен жылғымен салыстырғанда арпа орағына быйыл 8 күн бұрын кірісті. Бешкен алқабындағы бұлақ суымен суарылатын Шартук ауданының егіс дала-сында күзгі бидай пісті.



Эстон ССР. Таллиннің электр машиналары құрылысының «Вольт» заводы коммунизмінің алып құрылыстары үшін моторлар жасап шығарудың өткен айдағы жоспарын 101,3 процент орындады.

СУРЕТТЕ: қуатты электр моторларын жыйнастыру цехында.

(СОТА-ның фотохроникасы).

КОММУНИЗМНІҢ ҰЛЫ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ ҮШІН

ЩЕРБАКОВ, (Ярослав облысы) 20 май. (СОТА). Жол құрылысы машиналарын жасайтын Щербаков заводының коллективі коммунизмінің ұлы құрылыстарына жол машиналарын жөнелтті. Барлық заказдар мерзімінен бұрын орындалуда.

Күн

ТАШК

облысын
колаев
соңғы ж
бекстанд
күндіз к
Николаев
сомолды
кино теа
фильмед
дың өзін
тырды.

Кинон
кіншілік
ССР-нің
диз жар
көрсетуг
құрал-
кабылда

Сү

Москва
шілері с
үшін жү
төрт ай
120 дан
ішінде ә
грамнан
кий ауд
зы ауыл
сында бі
шыларды
хоздың
және Е.
2300 кил
алды.

тердің социалистік жарысы

Каршыларында

е, кеше і де есті- армасының хоз пред- амалардағы ліп: жұмсалып, мұндай қолдан- ластырыл- болған кешеден арнаулы баянды ететіндіктерін және қандай та- быстарға қолдары жеткендіктерін мәлім- дей бастады. Колхоз председателі Филипп Шель мал шаруашылығын өркендету, егін өнімін арттыру және колхоздың ақшадай табысын молайту жөнінде қан- дай мүмкіншіліктер бар екенін мәлімде- ді. Селолық тұтынушылар қоғамының председателі Коряченко жолдас тұтыну- шылар қоғамы қызметкерлерінің алған міндеттемені аброймен орындау жолына аянбай күш жұмсап жатқандығына нақ- тылы мысалдар келтірді.

Бұл тұтынушылар қоғамында товар айналымының бірінші тоқсанға арналған жоспары 135,2 процент орындалған. Бұл — селолық Советтің еңбекшілеріне 550 мың сомның орнына, 757 мың 300 сомның товары сатылды деген сөз. Сауда қызметкерлері көктемгі егіс ке- зінде 32 рет дала қостарына барып сау- да жасап, 13 мың 100 сомның түрлі бұйымдарын сатты. Бірінші тоқсанда қор жыйнау жоспары да артығымен орында- лып отыр.

Депутат Овчинников, Каржан және басқалары өздерінің сөздерінде селолық Совет бойынша қаржы жыйнаудың бары- сына тоқталды. 4 ай ішінде селолық Советтің бюджеті кірісі шығысынан 10 мың сом артық болып орындалды. Еңбек- шілер жаңа заемға ұйымшылдықпен жа- зыла отырып, жазылу жарнасының ба- сымы көпшілігін қолма -қол төледі.

Селолық Совет, оның депутаттары мен активтері бұқарамен байланысты күшейте түсіп отыр. Совет бойынша ең- бекшілер арасында 25 үгітші жұмыс істейді. Поселкедегі мектеп оқытушыла- ры егіншілер мен мал өсірушілер ара- сындағы үгіт -бұқаралық жұмысқа бел- сене араласып жүр. Колхоз бригадала- рында, совхоз фермаларында және посел-



Шағлы МТС-де шөп шабу машиналарын жөндеу аяқталып келеді. СУРЕТТЕ: жөндеуші, коммунист Т. Дегтярев. Ол сменалық тапсырмасын бір- жарым еседен орындап жүр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жас табиғатшылар қамқорлығы

Боголюбово орта мектебіндегі жас та- биғатшылар үйірмесінде 75 мүше бар. Олардың барлығы да үйірмені басқару- шы, биология пәнінің мұғалімі Поротико- вамен бірлесе отырып, мектептің үй іргесіндегі учаскеде көп жұмыстар жүр- гізуде.

Балалар себілетін тұқымның барлығы тексерді, кәзір олар помидор мен капуста- ның көшеттерін өсіруде. Апрель айы ішін- де олар бұршак, жүгері және фасоль екті.

Жуырда мектеп іргесіндегі учаскеде олар 2500 түп көркейткіш ағаштар отыр- ғызды. Сол сыяқты, жас табиғатшылар орман шаруашылығына 1700 түп көркейт- кіш ағаштар өсіп бергені.

СОТА-ның телеграммаларына шолу

КОРЕЯДАҒЫ ОҚЫҒАЛАР

Корей Халық -Демократиялық Рес- публикасының Халық армиясының Бас командованиесі мынаны хабарлады: ха- лық армиясының құрамалары Қытай ха- лық еріктілерінің бөлімдерімен өзара ты- ғыз бірлесіп қыймылдай отырып, америка- н ағылшын интервенттері мен лисын- мандық әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыс- тарын жүргізуде. Дұшпанның адам күші мен техникасы едәуір шығынға ұшырауда.

2 күнгі ұрыста —18 және 19 майда— халық армиясының зенит бөлімдері мен жау самолетін атқыш жауынгерлер бей- біт елді пункттерді бомбалауға қатынас- қан дұшпанның 9 самолетін атып түсірді. Корей демократиялық баспасөзі лисын- мандық армияның офицерлері мен сол- даттарының арасында американдық интер- венттері жүргізіп отырған басқыншылық соғысқа наразылық барған сайын күшею- де деп хабарлауда.

Лисынмандық әскерлер арасында әскер қатарынан қашу күннен күнге етек алу- да. Жақында лисынмандық армияның 5- дивизиясының біртоп офицерлері мен солдаттары батальон командирі Ким Ок майдан шебінен өтті. Ким Ок енді жексұрын қызмет атқаруды тастауды өзі үшін бақыт және қуаныш деп санайтын- дығын мәлімдеді. Ол Отан үшін, халық үшін жанаямай күресуге әзір екендігін білдірді.

АМЕРИКАН СОҒЫС ҚҰМАРЛАРЫНЫҢ КОЧЖЕДО АРАЛЫНДАҒЫ ҚАНТӨГІС ҚЫЛМЫСТАРЫ

Оңтүстік Кореядағы Кочжедо аралы- дағы оқыйғаларға кәзіргі уақытта бүкіл дүние жүзінің жұртшылығы көңіл бөлу- де. Бұл аралда ондаған тұтқын лагерьлері ашылған, бұл лагерьлерде американдық ин- тервенттері, Корей Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің қолға түсіріл- ген жауынгерлерін қантөгіс қырғынға ұшыратуда. Тек 2 күннің ішінде ғана 18 февральда және 1 майда —670 тұтқын атылды. Американдық құмарларының азаптауы және сол сыяқты бактериоло- гиялық, химиялық және басқа кісі өлтi- ргіш қаруды қолдануы салдарынан басқа да мыңдаған корей және қытай патриот- тары өлтірілді.

Соғыс тұтқындарының арасынан интер- венттер армиясына күштеп кісі іріктел алушы және олардың туған еліне қай- туына кедергі жасаушы басқыншылардың зұлымдықтарына жауап ретінде, тұтқын лагерьлеріне қамалған корей, қытай пат-

«Дейли уоркер» газеті былай деп жа- зады: Американың 187-авиодесант жауу әскер полкын Кочжедо аралына көшіре отырып, американдар соғыс тұтқындарына жаңа жаза әзірлеуде. Газеттің атап көрсет- туінше, соғыс тұтқындары өз елдеріне қайтудан бас тартуда деген американдардың жалған мәлімдемелері Кореяда бейбітшілік орнатуға кедергі бөлу- да. Американдардың Кочжедодағы қый- мылдарының әшкереленгендігіне ызалан- ған генерал Кларк бүкіл дүние жүзіне шындықты айтқан соғыс тұтқындары басшыларына қарсы қатты жазалар қол- дану үшін десант әскерлерін жөнелтуде.

Кочжедо аралындағы соғыс тұтқындары лагерьлерінде американдық империалистерінің істеп жатқан жантүршігерлік қылмыста- ры жөнінде түсінік бере келіп, Польша- ның «Трибуна люду» газеті былай деп жазады:

Американдардың Паньмыньчжоньдағы келіссөздерді болдырмауға және Кореяда бейбітшілік орнатуды мүмкін етпеуге ты- рысқан әрекеті жағдайында, сол сыяқты, «өз еркімен еліне қайтару» деген сылтау- мен 100 мыңнан астам корей және қы- тай соғыс тұтқындарын күшпен ұстауға ғырысатын АҚШ-тың арсыздық ұсыныста- ры жағдайында Кочжедо аралындағы оқыйғалардың ерекше маңызы бар.

Кочжедо аралындағы қылмыстар, дей- ді бұдан соң газет, соңғы соғыс кезінде гитлершілердің істеген адам айтқысыз кісі өлтірушіліктерін еске түсіреді.

МИЛИТАРИСТІК «ЖАЛПЫ ДОГОВОРҒА» ҚАРСЫ, ГЕРМАНИЯ-НЫҢ БІРЛІГІ ҮШІН!

Неміс халқы бейбітшілік жолындағы, Германияның бірлігін қалпына келтіру және әділетті бітім договорын жасасу жолындағы күресін күннен күнге күшей- туде. Батыс Германия еңбекшілерінің ми- литаристік «жалпы договор» әзірлеу жө- нінде АҚШ империалистерінің бұйрық- тарын орындап отырған Бонн үкметінің саясатына қарсы наразылық ереуілдерінің күшейіп отырғандығы осы күресте бел- сенділіктің артқандығын дәлелдейді. Ва- шингтонда жасалған бұл договор америка- н оккупациясының мерзімін белгісіз уақытқа ұзартуға тиіс екені және батыс Германияны соғыс тірегіне, ал, оның хал- қын соғыс жемтігіне айналдыруға тиіс екендігі мәлім. Халықтың қарсылығы со- ғыс өрті тұтандырушылардың қылмысты жоспарларын бұза ма деп қорқып, Бонн полициясы жаппай террор жасауға кірі- сті. Бұл террордың басы Эссен қаласында

жан Нұрпейісов қарт жөнінде ерекше атап өтті. Айтжан қарт күзетші, оның селолық Советтегі барлық шаруашылыққа көзі түсіп жүреді. Мал қыстатудың пішуші күндерінің бірінде ол селолық Советке келді.

—Шаруа қалай?

—Жаман емес.

—Мал азығын буландыратын машина жұмыс істей ме?

—Істейді... Бірақ, бір ұнамсыз жағдай бар. Ол —біздің колхозда кезір, мал қыстатудың осыншалықты жауапты кезеңінде жемшөпті ұқынсыз жұмсаушы-

ларды ашедкова жолдас шықты. Ол бірден-ақ сөзге сараң екендігін аңғартты да:

—Біз Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл туын қолда берік ұстау жолына аянбай күш жұмсаймыз. Мен әрбір сауын сыйырдан 2700 литрден сүт сауамын деп едім, кезір осы сессияда бұрынғы міндеттеме тағы да 200 литр қосамын,— деп мінбеден түсті.

* * *

Сессияда сөз сөйлеген депутаттар мен активтердің барлығы ауыспалы Қызыл туды қолдарында берік ұстайтындықтарын, ол үшін қол жеткен табыстарды

се қоймапты.

Тоқшындықтарда жемшөп дайындауға әзірлік те баяу жүргізіліп келеді. Әрине, бұл кемшіліктердің барлығын дереу жойып, ауыспалы Қызыл туды қолда берік сақтаудың қамтамасыз етуге селолық Советтің барлық мүмкіншілігі жеткілікті. Оның депутаттары мен активтерінің алынған міндеттемелерді барлық пункттер бойынша аброймен орындауды ұйымдастыру қолынан келеді. Міне, кезір олардан осы талап етіліп отыр.

Ж. ОСПАНОВ.

Полудень ауданы, Тоқшын поселкесі.

Ұста Төлеген Жұмабаев

Вагон депосының ұстасы Төлеген Жұмабаев жұмысқа келгенде сағат жетінің ана гудегі берілген еді. Түнгі сменадағылар жұмысын аяқтау қарсаңында болатын. Оның ерте келуі жұмысшыларды рекше сүйсіндірді.

—Төлеген, —деді мастер Березанский, —неге мұнша ерте келдің?

Ол қызу жүріп жатқан жұмысқа баықтылықпен қарады да:

—Онда үлкен мән бар,—деді.

—Қандай?

—Жұмыс орнын жақсы әзірлеп, жұмысқа кейбір жоспарлар жасап алып кіру үшін ертерек келдім,— деп естілер-стілмес етіп жауап қайырды ол.

Елеуінің арасында басқадай әңгіме ола қойған жоқ. Мастер де, Төлеген де е жөңдерімен кетті. Төлеген арнаулы жұмыс киімін ауыстырып киді де, жұмыс орнын әзірлеуге кірісті. Құрал-аспаптарын іріктеп алып, қалған 20 минут ішінде оларды баптауға кірісті.

Дено гудогі таңертеңгі жұмыстың басалуын хабарлағаннан кейінгі 10—15 минуттың ішінде-ақ Төлеген вагон рес-

сорларына керекті он шақты гайка жасап үлгерді.

Цех іші соғылған балға мен керіктің гуілінен жаңғырыға түседі. Төлеген де жұмысқа барған сайын жаңа қарқын беріп келе жатқандай. Ол уақыттың әрбір минутын босқа өткізбеді, қайта оны ұтып пайдаланды.

—Әрбір минутте алуан түрлі жұмыс істеу керек. Өйткені, жөкелеген операцияларды бір минутта емін-еркін орындап шығуға болады. Сондықтан да әрбір минут уақыт қымбат,—деді ол жолдасына.

Сағат 11-ге таянғанда, Төлеген беттен моншақтап аққан терін орамалымен сүртіп тастап, цех мастеріне:

—3 сағат 20 минутте күндік норма орындалды,—деп мәлімдеді.

Жұмысты осылайша жүргізіп, Төлеген қызмет аяғына дейін тағы да 1,5 норма орындады. Ал, смена ауысқан кезде Жұмабаев жұмыс орнын жыйнастырып, жай ғастыруға кірісті.

—Цехымызда жұмыс жұмабаевша жүргізіледі,—дейді мастер Березанский жолдас.

Оның былай деуі де орынды. Өйткені, цехта еліміздің жаңашылдары, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Жандарова және Агафонованың іс үлгілері кеңінен қолданылады. Атқарылған әрбір жұмыс көмегіне қарай бір бағаланса, екіншіден өнім сапасына қатты талап қойылады. Сондықтан да мінсіз жоғары сапалы өнім үшін күрес цехта кеңінен өрістетілген. Цехта жаңашылдардың бастамасы бойынша жұмыс істен, өндірістік жаңа табыстарға жетуші озаттардың қатары күн санап көбеюде. Норманы 150—200 проценттен орындайтын, стахановшылардың саны кезіңнің өзінде 60-тан асады. Ұста Жұмабаев, сверловщик Рыбалов, слесарь Бутусов жолдастар —цех жұмысшыларының мақтанышы. Бұлардың әрқайсысы күніне екі және екіжарым норма орындайды.

Жұмысшылардың жанаямай еңбек етуі нәтижесінде бұл цех бірінші тоқсанның өндірістік жоспарын 220 процент орындан, мемлекетке 100 мың сом пайда келтірді.

Ж. ЖАНАРҒОВ.

да оқытушылар мен оқушылар коллективі бір күнде 30 текшеметр ірі отың 30 текшеметр бұтақ дайындады. Бұл жұмысқа оқытушылар Ә. Тасболатов, Б. Баймақанов жолдастар басшылық етті.

Мектеп үйіне быйыл ұсақ жөндеу жұмысы жүргізіледі. Оған керекті шеге, қарағай, дайын. Оқу жұмысы аяқталысымен мектеп жөндеу жұмысына мектеп дирекциясы кіріскелі отыр.

К. ҚАЗБЕКОВ,

Преснов ауданы, Ленин жетіжылдық мектебі.

«Ленин туы» газеті Преснов ауданындағы колхоздың дүкен дарованың совет саудалап, колхозшылардың тілемей отырғандығы жақын болатын. Редакцияға пайдаланбай тұрып, тиісті шара қолдану үшін аудандық тұтынушыларға жіберген еді. Бұна тұтынушылар одағы пр

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ «ГЛАВКИНОПРОКАТ» жақын арада облыс экрандарында «Ұмытылмас 1919 жыл» суретті жаңа түсті фильм көрсете бастайды.



Фильмді қойып **МИХАИЛ**

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редакцияның баспаханасы — 1-88, редакцияның баспаханасының баспаханасы — 1-89, редакторлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілмеген жұмыстар — 0-23, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39.